ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Ақпараттық технология
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ ҚҰРАЛДАРЫ
Сәйкестендіру тетіктері
1-бөлім
Жалпы ережелер

Информационная технология
МЕТОДЫ И СРЕДСТВА ОБЕСПЕЧЕНИЯ БЕЗОПАСНОСТИ
Механизмы аутентификации
Часть 1
Общие положения

ҚР СТ ИСО/МЭК 9798-1-2008

ИСО/МЭК 9798-1:1997

«Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен құралдары. Сәйкестендіру тетіктері 1-бөлім Жалпы ережелер», IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Ақпараттық технология

ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ ҚҰРАЛДАРЫ

Сәйкестендіру тетіктері
1-бөлім
Жалпы ережелер

ҚР СТ ИСО/МЭК 9798-1-2008
ИСО/МЭК 9798-1:1997
«Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен құралдары. Сәйкестендіру тетіктері 1-бөлім Жалпы ережелер», IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

Кіріспе

1 «Инфосистемы Джет» ЖАҚ **ӘЗІРЛЕДІ**

Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс агенттігі **ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2008 жылғы 25 ақпандағы №107-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт Қазақстан Республикасы экономикасының қажеттіліктерін білдіретін қосымша талаптар көлбеу қаріппен белгіленіп ИСО/МЭК 9798-1:1997 «Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен құралдары. Сәйкестендіру тетіктері. 1-бөлім. Жалпы ережелер» («Information technology. Security techniques. Entity authentication. Part 1. General»), IDT, халықаралық стандартына сәйкес.

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ 2013 жыл
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Мазмұны

Кіріспе

ҚР СТ ИСО/МЭК 9798-2008 «Ақпараттық технологиялар. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен құралдары. Сәйкестендіру тетіктері» жалпы атауымен мынадай бөліктерден тұрады:

- *1-бөлік. Жалпы ережелер;*
- *2-бөлік. Симметриялық санға бөлу алгоритмдері қолданылатын тетіктер.*
- *3-бөлік. Сандық қолтаңба әдістері қолданылатын тетіктер.*

ИСО/МЭК 9798-2008 халықаралық стандарты аталған бөліктерден басқа мыналарды қамтиды:

- *4-бөлік. Криптографиялық салыстырып тексеру қызметін пайдаланатын тетіктер.*
- *5-бөлік. Нөлдік мәнмен асимметриялық әдістерді пайдаланатын тетіктер.*

Халықаралық стандартқа олардың құрылуына қарай өзге бөліктері де қосыла алады.

Осы стандарт қосымшалары анықтамалық болып табылады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Ақпараттық технология
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ ҚҰРАЛДАРЫ
Сәйкестендіру тетіктері
1-бөлім
Жалпы ережелер

Енгізілген күні 2008.07.01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт сәйкестендіру моделін анықтайды және мәндерді сәйкестендіру үшін қолданылатын қауіпсіздік тетіктеріне қойылатын жалпы талаптарды және шектеулерді белгілейді. Бұл тетіктер мәні осының өзін растау үшін қолданылады. Сәйкестендірілуге жататын мән қандай да бір құпия ақпаратты білуін көрсете отырып, өзінің түпнұсқалығын дәлелдейді. Тетіктер мәндер арасында ақпараттармен алмасу процестері ретінде, сондай-ақ қажет жағдайда, сенімді үшінші тараппен ақпарат алмасу процестері ретінде анықталады.

Сәйкестендіруші ақпараттар мәнін қоса алғанда, қауіпсіздік тетіктері толығырақ осы стандарттың келесі бөлімдерінде қарастырылған.

Осы стандартта қолданылатын қауіпсіздік тетіктері криптографиялық әдістерді қолдануға негізделген. Ақпаратты криптографиялық қорғаудың нақты құралдарын таңдау және қолдану Қазақстан Республикасының заңнамасымен регламенттеледі және осы стандарттың қарастыру заты болып табылмайды.

ҚР СТ ИСО/МЭК 9798-2008 келесі бөлімдерінде қарастырылатын бірқатар тетіктер істен шықпауды (non-repudiation) қамтамасыз ететін сервистерді іске асыру барысында қолданылуы мүмкін. Бұлардың тетіктері *ИСО/МЭК 13888-2008* [2] стандартында анықталған. Мұндай сервистердің спецификациясы *ҚР СТ ИСО/МЭК 9798 – 2008* қолданылу саласынан тыс жатыр.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта мынадай стандарттарға сілтемелер пайдаланылды:

ҚР СТ ИСО/МЭК 10181-1:2008 Ақпараттық технология. Ашық жүйелердің өзара байланысы. Ашық жүйелерге арналған қауіпсіздік негіздері. 1-бөлік. Шолу.

ҚР СТ ИСО/МЭК 10181-2-2008 Ақпараттық технология. Ашық жүйелердің өзара байланысы. Ашық жүйелерге арналған қауіпсіздік негіздері. 2-бөлік. Сәйкестендіру негіздері.

ҚР СТ ИСО/МЭК 11770-2-2008 Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен құралдары. Кілттерді басқару. 2-бөлік. Симметриялық әдістерді қолданатын тетіктер.

ҚР СТ ИСО/МЭК 13888-2:2008 Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері және құралдары. Істен шықпау. 2-бөлік. Симметриялық әдістерді қолданатын тетіктер.

ҚР СТ ИСО/МЭК 14888-2-2006 Ақпараттық технология. Ақпаратты қорғау әдістері. Қосымшалармен сандық қолдар. 2-бөлік. Түпнұсқалыққа негізделген тетіктер.

ИСО 7498-2: 2002 Ақпараттарды өңдеу жүйесі. Ашық жүйелердің өзара байланысы. Базалық эталондық үлгі. 2-бөлік. Қорғау архитектурасы.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта *ҚР СТ ИСО/МЭК 10181-1-2008, ҚР СТ ИСО/МЭК 10181-2,* ГОСТ 7498-2 бойынша терминдер, сондай-ақ сәйкес анықтамаларымен мынадай терминдер қолданылады:

3.1 Асимметриялық криптографиялық әдіс (asymmetric cryptographic technique): Екі өзара байланысты түрленулерді – ашық түрленуді (ашық кілтпен анықталатын) және жабық (құпиялы) түрленуді (жабық кілтпен анықталатын) қолданатын криптографиялық әдіс. Осы қос түрлену деректер блогының ашық түрленуін қолданумен есептеу арқылы осы деректер блогының жабық түрленуін алуға болатын қасиетке ие.

Ескертпе – Ассиметриялық криптографиялық әдістерге негізделген жүйе шифрлеу және қол қою құрастырылған жүйелері немесе кілттерді тарататын жүйе болуы мүмкін. Ассиметриялық криптографиялық әдістерде төрт қарапайым түрленулер қарастырылады: қол қою, шифрлеу жүйелері үшін қол қою және қол қоюды тексеру, шифрлеу жүйесі үшін шифрлеу және шифрді ашу. Қол қою және шифрді ашу түрленулерінің құпиялығы олардың қолданылатын мәндерімен сақталуы тиіс, бұл жағдайда осы қол қою және шифрді ашу түрленулері ашық болып табылады. Барлық төрт қарапайым функциялар екі түрленумен ғана іске асатын ассиметриялық криптожүйелер болады (мысалы, RSA): бір жабық түрлену мәліметке қол қою және шифрді ашу үшін, ал бір ашық түрлену қол қоюды тексеру және мәліметті шифрлеу үшін жеткілікті. Бірақ, осыған ұқсас мысал жалпы жағдай болып, ҚР СТ ИСО/МЭК 9798-2008 барлық төрт қарапайым түрленулер және тиісті кілттер әртүрлі болып саналады.

3.2 Асимметриялық шифрлеу жүйесі (asymmetric cryptographic system): Ашық түрлену шифрлеу үшін және жабық түрлену шифрді ашу үшін қолданылатын асимметриялық криптографиялық әдістерге негізделген жүйе.

3.3 Асимметриялық кілттер жұбы (asymmetric key pair): Жабық кілт жабық (құпиялы) түрленуді, ал ашық кілт ашық түрленуді анықтайтын өзара байланысты кілттер жұбы.

3.4 Асимметриялық қолтаңбалар жүйесі (asymmetric signature system): Қол қоюға жабық түрленуді, ал ашық түрленуді қолтаңбалардың түпнұсқалығын тексеру үшін қолданатын асимметриялық криптография әдістеріне негізделген жүйе.

3.5 Шақыру (challenge): Верификаторға жіберілетін жауапты қалыптастыру үшін үміткерге белгілі құпиялы ақпаратпен үміткермен қолданылатын верификатормен үміткерге жіберілген және өздігінен таңдап алынған деректер элементі.

3.6 Шифрленген мәтін (ciphertext): Өзінің ақпараттық мағлұматын қысқарту үшін шифрлеу алгоритмі бойынша шифрлі түрге түрленген деректер.

3.7 Криптографиялық бақылау қызметі (cryptographic check function): Кірісте құпия кілтті және өзіндік жолды ала отырып, шығыста криптографиялық бақылау мәнін есептейтін криптографиялық түрлену. Дұрыс бақылау мәнді құпия кілтті білмей анықтау мүмкін емес болуы керек.

3.8 Шифрді ашу (decipherment): Шифрді сәйкес түрлендіруге кері түрлендіру.

3.9 Ерекше сәйкестендіргіш (distinguishing identifier): Сәйкестендіруші мәнді бір жақты анықтайтын ақпарат.

3.10 Шифрлеу (encipherment): Шифрленген мәтін алу үшін, яғни деректерде жазылатын ақпараттарды қысқарту үшін криптографиялық алгоритммен деректерді түрлендіру.

3.11 Мәннің сәйкестендірілуі (entity authentication): Мән мағынаның жариялағанын растау.

3.12 Кірістірмелермен шабуыл (interleaving attack): Айналмалар арқылы шабуыл түрлері, ол арқылы сәйкестендіру процестерін жүзеге асыратын немесе бұрын жүзеге асырған ақпараттық алмасумен алынған ақпарат қолданылады.

3.13 Кілт (key): Криптографиялық түрлендіру процесін басқаратын белгілер кезектілігі (мысалы, шифрлеу, шифрді ашу, криптографиялық бақылау қызметімен есептеу, қолтаңбаларды құру немесе тексеру).

3.14 Өзара байланысты сәйкестендіру (mutual authentication): Қос мәнге бір бірінің түпнұсқалығына кепілдік берілетін сәйкестендіру мәндері.

3.15 Ашық мәтін (plaintext): Шифрленбеген ақпарат.

3.16 Шифрді ашудың жабық кілті (private decipherment key): Шифрді ашудың жабық түрленуін анықтайтын жабық кілт.

3.17 Жабық кілт (private key): Мәндердің асимметриялық кілт жұптарынан алынған кілт, ол осы мәнмен ғана қолданылуы тиіс.

Ескертпе – Асимметриялық қолтаңбалар жүйесі кезінде жабық кілт қол қоюдың түрленуін анықтайды. Асимметриялық шифрлеу жүйесі кезінде жабық кілт шифрді ашудағы түрленуді анықтайды.

3.18 Қолтаңбаның жабық кілті (private signature key): Қол қоюдың жабық түрленуін анықтайтын жабық кілт.

Ескертпе – Кейде қолтаңбаның жеке кілті ретінде қарастырылады.

3.19 Шифрлеудің ашық кілті (public encipherment key): Шифрлеудің ашық түрленуін анықтайтын ашық кілт.

3.20 Ашық кілт (public key): Жалпыға белгілі маңызды асимметриялық кілт жұптарынан алынған кілт.

Ескертпе – Асимметриялық қол қою жүйесі кезінде ашық кілт қол таңбаны тексерудің түрленуін анықтайды. Асимметриялық шифрлеу жүйесі кезінде бұл кілт шифрлеудің түрленуін анықтайды. «Жалпыға белгілі» кілт жалпыға қол жетерлік болуы міндетті емес. Кілт күні бұрын анықталған топ мүшелеріне ғана белгілі болуы мүмкін.

3.21 Ашық кілт сертификаты/сертификат (public key certificate/certificate): Куәландырылған орталықпен қол қойылған ашық кілт мәні туралы ақпарат, бұл жасанды түрінде қарастырылмайды. (сондай-ақ В қосымшасын қараңыз). Осы терминге балама Қазақстан Республикасы заңнамасында қолданылатын «тіркеу куәлігі» термині болып табылады.

3.22 Ашық кілт туралы ақпарат (public key information): Мәннің ерекше, сонымен қатар ең болмағанда, осы мән үшін бір ашық кілтті құрайтын жеке мәнге қатысты ақпарат. Ашық кілт туралы ақпарат куәландыратын орталық, мән және ашық кілттің қолдану мерзімі, тиісті жабық кілттің қолданылу мерзімі немесе қолданылатын криптографиялық алгоритмдердің идентификаторы сияқты ашық кілт туралы қосымша мәліметтерді қамтуы мүмкін (сондай ақ В қосымшасын қараңыз).

3.23 Түпнұсқалықты тексеретін ашық кілт (public verification key): Түпнұсқалықты тексерудің ашық түрленуін анықтайтын ашық кілт.

3.24 Кездейсоқ сан (random number): Мәні анықталмаған уақытқа байланысты параметр (сондай ақ, Б қосымшасын қараңыз).

3.25 Шағылысу шабуылы (reflection attack): Бұрын жіберілген мәліметті оның жіберушісіне кері қайтару жіберілімі қолданылатын айналым шабуылының түрлері.

3.26 Қайталау шабуылы (replay attack): Бұрын жіберілген мәліметтер қолданылатын айналым шабуылының түрлері.

3.27 Кезекті сан (sequence number): Белгілі уақыт аралығында қайталанбайтын мәні берілген кезектіліктен таңдап алынатын уақытқа байланысты параметр (сондай-ақ Б қосымшасын қараңыз).

3.28 Симметриялық криптографиялық әдіс (symmetric cryptographic technique): Жіберуші тарапынан түрлендіру сияқты, мәліметті алушы тарапынан түрлендіру ретінде бір құпия кілтті қолданатын криптографиялық әдіс. Құпия кілтті білмей жіберуші тарапынан немесе мәліметті алушы тарапынан түрлендіруді ашу мүмкін емес.

3.29 Симметриялық шифрлеу алгоритмі (symmetric encipherment algorithm): Жіберуші тарапынан түрлендіруге сияқты, мәліметті алушы тарапынан түрлендіруге де бір құпиялы кілт қолдануға негізделген шифрлеу алгоритмі.

3.30 Уақыт таңбасы (time stamp): Уақытты жалпы санауда уақыт сәтін белгілейтін уақытқа байланысты параметр (сондай-ақ Б қосымшасын қараңыз).

3.31 Уақытқа байланысты параметр (time variant parameter): Мәліметтің қайта жіберілмегендігін тексеруге қолданылатын деректер элементі; ол кездейсоқ санды, кезекті санды, сондай-ақ уақыт белгісін анықтауға қолданылады (сондай-ақ Б қосымшасын қараңыз).

3.32 Маркер (token): Криптографиялық әдіс көмегімен түрленген ақпаратты қамтитын байланысты нақты сеансына қатысы бар деректер өрісін құрайтын мәлімет.

3.33 Бір тараптық сәйкестендіру (unilateral authentication): Түпнұсқалық кепілдігі басқа мәнге ұсынылатын және кері құбылыс орындалмайтын мән сәйкестендірілуі.

4 Белгілеулер

Осы стандарт мәтінінде мынадай таңбалар мен белгілер қолданылады:

A	*A* мәнін ерекшелейтін сәйкестендіргіш.
B	*B* мәнін ерекшелейтін сәйкестендіргіш.
TP	Сенімді үшінші тарапты ерекшелейтін сәйкестендіргіш.
K_{XY}	*X* және *Y* мәндеріне белгілі құпиялы кілт; симметриялық криптографиялық әдістерде ғана қолданылады.
P_X	*X* мәнімен байланысты түпнұсқаны тексеретін ашық кілт, асимметриялық криптографиялық әдістерде қолданылады.
S_X	*X* мәнімен байланысты түпнұсқаны тексеретін жабық кілт, асимметриялық криптографиялық әдістерде қолдан.
N_X	*X* мәнімен ұсынылған кезекті сан.
R_X	*X* мәнімен ұсынылған кездейсоқ сан.
T_X	*X* мәнімен ұсынылған уақыт белгісі.
T_X N_X	*X* мәнімен ұсынылған уақытқа байланысты параметр және T_X уақыт белгісі немесе N_X кезекті сан болып табылады
$Y\|\|Z$	Белгілі тәртіппен *Y* және Z деректер элементінің кезекті қосылу нәтижесі.
$eK(Z)$	*K* кілтін қолданатын симметриялық шифрлеу алгоритмімен Z деректерді шифрлеу нәтижесі .
$dK(Z)$	*K* кілтін қолданатын симметриялық шифрлеу алгоритмімен Z деректердің шифрлерін ашу нәтижесі

$f_K(Z)$	Кіріс параметрлерін *K* құпиялы кілт және Z деректерінің өзіндік жолы ретінде қолданатын *f* криптографиялық бақылау қызметін қолдану нәтижесі болып табылатын криптографиялық бақылау мәні.
CertX	*X* мәнінің сенімді үшінші тараппен берілген сертификат.
TokenXY	*X* мәнінен *Y* мәніне жіберілген маркер.
TVP	Уақытқа байланысты параметр.
$sS_X(Z)$	S_X қолтаңбаның жабық кілтін қолдану арқылы Z деректеріне қол қоюдың жабық түрленуін қолдану көмегімен алынатын қолтаңба .

5. Сәйкестендіру моделі

Мәндерді сәйкестендіру тетіктеріне арналған жалпы модель 1-суретте көрсетілген. Барлық мәндердің және сәйкестендірудің әрбір нақты механизмінде ақпаратпен алмасу тараптарының қатысуы міндетті емес.

ҚР СТ ИСО/МЭК 9798-2008 стандартының басқа бөлімдерінде толығырақ мазмұндалған сәйкестендіру тетіктері үшін бір тараптық сәйкестендіру кезінде *A* мәні үміткер, ал *B* мәні верификатор ретінде қарастырылады. Өзара сәйкестендіру кезінде А және В мәндері үміткер және верификатор қызметтерін орындайды.

Сәйкестендіру мақсаттары үшін мәндер маркер деп аталатын стандартталған мәліметтерді басқарады және алмасады. Бір тараптық сәйкестендіру барысында ең болмағанда, бір маркермен және өзара сәйкестендіру кезінде екі маркермен алмасу талап етіледі. Егер сәйкестендіру процесінің деректерімен алмасуды инициалдау үшін қоңырау шалынатын болса, онда қосымша жол талап етілуі мүмкін. Сондай-ақ, сәйкестендіруші алмасу процесіне сенімді үшінші тарап тартылған болса, тағы да қосымша жолдар талап етілуі мүмкін.



1-сурет. Сәйкестендіру моделі

1- суретте мегзермен мүмкін ақпараттық ағыстар көрсетілген. А және В мәндері бір бірімен өзара немесе ТС сенімді үшінші тараппен тікелей өзара әрекет етуі, А немесе сәйкесінше В арқылы сенімді үшінші тараппен өзара әрекет етуі немесе сенімді үшінші тараппен ұсынылған кейбір ақпаратты қолдануы мүмкін.

Сәйкестендіру механизмдері толығырақ *ҚР СТ ИСО/МЭК 9798* стандарттың келесі бөлімдерінде қарастырылған.

6. Жалпы талаптар және шектеулер

Бір мән басқаны сәйкестендіру үшін олардың екеуі де криптографиялық әдістер мен параметрлердің жалпы жинағын қолдануы тиіс.

Кілт қолданыста болатын уақытқа байланысты кілт қолданған сайын барлық параметрлердің мәндері (яғни, уақыт белгісі, кезекті және кездейсоқ сандар) ең болмағанда, жоғары ықтималдықпен қайталанбауы керек.

Сәйкестендіру тетіктерін қолдану процесінде *А* және *В* мәндеріне олардың әрқайсысына жеке-жеке бір бірі туралы мәліметтер белгілі болатындығы болжанады. Бұған осы мән алмасатын ақпаратқа идентификаторды қосу арқылы немесе тетікті қолдану контекстінен қол жеткізуге болады.

Мәндердің түпнұсқалығы деректерді сәйкестендірумен алмасу кезінде белгіленуі мүмкін. Кешірек жіберілген деректердің түпнұсқалығына кепілдік беру үшін сәйкестендірумен алмасу процесі ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету құралдарының жиынтығымен қолданылуы тиіс (мысалы, бақылау құралдарының жиынтығымен).

А қосымшасы
(анықтамалық)

МӘТІН ЖОЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ

ҚР СТ ИСО/МЭК 9798-2008 стандартының келесі бөлімдерінде қарастырылатын маркерлер мәтіндік өрістерді қамтиды. Сәйкестендіру механизмінің нақты жолындағы түрлі мәтіндік өрістердің нақты қолданылуы және олардың арасындағы өзара байланыс қосымшаға байланысты болады.

Мәтіндік өрістер уақытқа байланысты қосымша параметрлерді қамтуы мүмкін. Мысалы, егер маркерде кезекті сан қолданылатын болса, маркердің мәтіндік өрісінде уақыт белгісі болуы мүмкін. Егер мәлімет алушы мәліметтегі кез келген уақыт белгісі белгілі аралық шегінде болса, бұл мәжбүрлі іркілістерді анықтауға мүмкіндік береді (Б қосымшасын қараңыз).

Бірнеше қолданыстағы кілттер болған жағдайда кілт идентификаторы ашық мәтіндегі мәтіндік өріске енгізілуі мүмкін. Егер сәйкестендіру процесінде бірнеше сенімді үшінші тараптар қатысатын болса, онда мәтіндік өрістер сенімді үшінші тараптың ерекше идентификаторын сұрауға қосуға қолданылуы мүмкін.

Мәтіндік өрістер кілттердің таратылуына қолданылуы мүмкін (ИСО/МЭК 11770-2 және [1] қараңыз).

ҚР СТ ИСО/МЭК 9798 стандартының келесі бөлімдерінде мазмұндалған кез келген тетіктердің бірі кез келген пайдаланушыға сәйкестендіру процесін механизмнің жұмысы алдында қосымша мәліметті қолдану арқылы іске қосуға мүмкіндік беретін қосымшада құрастырылған болса, бұл қауіпсіздікті бұзуы мүмкін. Бұзушы заңсыз алынған маркерді бірнеше рет қолдана алатын бұзушылықтарға жол бермес үшін сәйкестендірумен талап етілетін мәндерді анықтау мақсатында мәтіндік өрістерді қолдана алады (*ҚР СТ ИСО/МЭК 10181-2* стандартын қараңыз).

Бұл аталмыш мысалдармен ғана шектелмейді.

Б қосымшасы
(анықтамалық)
УАҚЫТҚА БАЙЛАНЫСТЫ ПАРАМЕТРЛЕР

Уақытқа байланысты параметрлер бірегейлікті\уақыттылықты тексеруге қолданылады. Олар бұрын жіберілген мәліметтердің қайталанып жіберілуін анықтауға мүмкіндік береді. Ол үшін сәйкестендіру ақпараты бір процестен келесі процеске өзгеруі тиіс.

Уақытқа байланысты параметрлердің кейбір түрлері «мәжбүрлі іркілістердің» (қаскүнемдердің коммуникациялық ортасына қосылған іркілістердің) анықталуына мүмкіндік береді. Бір жолды пайдаланатын тетіктерде мәжбүрлі іркілістер басқа құралдармен (мысалы, жеке мәліметтер арасындағы уақыт бойынша қосымша ең жоғары аралықтарды шектеуге қолданылатын «тайм аут санауыштары») анықталуы мүмкін.

ҚР СТ ИСО/МЭК 9798 стандарттың келесі бөлімдерінде уақытқа байланысты параметрлердің уақыт белгісі, кезекті сан және кездейсоқ сан деп бөлінетін үш түрі қолданылады. Нақты іске асыру талаптары уақытқа байланысты сол немесе өзге параметрлерді әртүрлі қосымшаларда басымдылық функциясын жүктеуі мүмкін. Кейбір жағдайларда уақытқа байланысты бір параметрді ғана қолданған мақсатты болуы мүмкін (мысалы, уақыт белгісін және кезекті сандар). Параметрлерді таңдауға қатысты бөлшектер *ҚР СТ ИСО/МЭК 9798* стандартының осы бөлімін қолдану саласынан тыс.

Б.1 Уақыт белгісі

Уақыт белгісін қолданатын тетіктер үміткер мен верификаторды логикалық байланыстыратын уақытты санаудың жалпы жүйесіне сүйенеді. Ұсынылатын уақыт жүйесі – үйлестірілген дүниежүзілік уақыт (UTC). Верификатор қабылдау терезесі ретінде белгіленген өлшемнің кейбір уақыт шектері қолданылады. Верификатор тексерілетін алынған маркердегі уақыт белгісі мен маркерді алу барысында верификатормен саналған уақыт арасындағы айырмашылықты есептеп, уақыттылықты тексереді. Егер уақыт айырмашылығы бос уақыт шегінде болса, онда мәлімет қабылданады. Бірегейлік ағымдық бос уақыт шегінде барлық мәліметтерді тіркеумен және осы бос уақыт ішінде қайталанған және кезекті ұқсас мәліметтерді қайтарумен тексерілуі мүмкін.

Ақпараттармен алмасатын мәндер сағатын синхрондауға кепілдік беру үшін белгілі механизмдер қолданылуы тиіс. Сондай-ақ, сағаттарды синхрондау дәлдігі қайта жіберу арқылы алмасу ықтималдығын мүмкіндігінше төмен жасау үшін жеткілікті жоғары болу керек. Сонымен қатар уақыт белгісін тексерумен және әсіресе, екі мәннің жүйелік сағаттармен ақпараттық алмасу процесіне қатысуымен байланысты барлық ақпараттың бұзылудан сенімді қорғалғандығына кепілдік қамтамасыз етілуі тиіс.

Уақыт белгісін қолданатын тетіктер мәжбүрлі іркілістерді анықтауға мүмкіндік береді.

Б.2 Кезекті сандар

Бірегейлік кезекті сандарды қолдану арқылы тексерілуі мүмкін, себебі олар верификаторға мәліметтердің қайта жіберілуіне мүмкіндік береді. Үміткер және верификатор күні бұрын ерекше түрде мәліметтерді нөмірлеу саясаты туралы шарттасады. Жалпы идея нақты нөмірленген мәлімет кездейсоқ уақыт аралығында ғана (немесе белгіленген уақыт ішінде) қабылдануы мүмкін. Верификатор алған әрбір мәліметпен берілген нөмір келісілген нөмірлеу саясатына сәйкесімділікке тексеріледі. Егер онымен ілесетін кезекті саны келісілген саясатқа сәйкес келмесе, мәлімет кейінге қалдырылады.

Кезекті сандарды қолдану қосымша тізімді құрастыруды талап етуі мүмкін. Үміткер қолданылған кезекті сандарды және\немесе кезекті қолдануға мүмкін болатын кезекті сандарды құрайтын жазбаларды қамтамасыз етуі тиіс. Үміткер байланысуға болатын барлық әлеуетті верификатор үшін жазбаларды жүргізуі тиіс. Сәйкесінше верификатор барлық әлеуетті үміткерлерге сәйкес келетін жазбаларды қамтамасыз етуі тиіс. Сонымен қатар қалыпты кезектілікті бұзатын жағдайдағы (жүйенің істен шығуы сияқты жағдайдағы) кезекті санды қалпына келтіретін және\немесе түсіретін ерекше процедураларды талап етуі мүмкін.

Кезекті сандарды қолдану верификатор мәжбүрлі іркілістерді анықтауға қабілетті болатын үміткермен кепілдік берілмейді. Егер мәлімет жіберуші мәлімет жіберу мен күтілетін жауапты алу арасындағы уақыт аралығын өлшейтін және іркіліс белгіленген уақыт аралығынан көп болған жағдайда одан бас тартатын болса, екі немесе бірнеше мәліметтерді қолданатын тетіктер үшін мәжбүрлі іркілістер анықталуы мүмкін.

Б.3 Кездейсоқ сандар

ҚР СТ ИСО/МЭК 9798 стандарттың кезекті бөлімдерінде көрсетілген тетіктерде қолданылатын кездейсоқ сандар қайталау немесе ендірмелер көмегімен шабуылдарды тоқтатады. Сондықтан *ҚР СТ ИСО/МЭК 9798* стандартында қолданылатын барлық кездейсоқ сандар оларды бір кілтпен қолдану барысында қайталау ықтималдығы және үшінші тараппен белгіленген мәнді болжау ықтималдығы төмен болу үшін жеткілікті үлкен ауқымнан таңдап алыну керек. *ҚР СТ ИСО/МЭК 9798* стандартының контекстінде "кездейсоқ сандар" термині осы талаптарды қанағаттандыратын жалған кездейсоқ сандарды қамтиды.

Қайталау немесе ендірмелер көмегімен шабуылдарды болдырмау үшін верификатор үміткерге жіберілетін кездейсоқ санды жібереді, ал үміткер алынған кездейсоқ санды қайтарылатын маркердің қорғалатын бөліміне қосу арқылы жауап береді. (Әдетте осы процедура қоңырауға жауап беру болып саналады.) Осы процедура нақты кездейсоқ санды құрайтын екі мәліметті қосады. Егер осы бір кездейсоқ сан верификатормен қайта қолданылатын болса, сәйкестендіру кезінде түпнұсқаны жазатын үшінші тарап жазылған маркерді верификаторға жібереді және өзінің түпнұсқалығын үміткер ретінде жалған растай алады. Мұндай бұзушылықтарды алдын алу үшін кездейсоқ сандар жоғары деңгейде қайталанбау керек.

Верификатор мәжбүрлі тоқтатуды анықтай алатын қабілетіне Үміткермен қолданылатын кездейсоқ сандар кепілдік бермейді.

В қосымшасы
(анықтамалық)
СЕРТИФИКАТТАР

ҚР СТ ИСО/МЭК 9798 стандартының келесі бөлімдерінде ашық кілт сертификаттары (сертификаттар) ашық кілттердің түпнұсқалығына кепілдік беру үшін қолданылуы мүмкін. Бұл жағдайда сертификат мәннің ерекше сәйкестендіргішін және ашық кілтті құрайтын мәннің кілті туралы жалпыға мүмкін ақпаратты қамтиды. Сертификат сертификаттау орталығы, мәні және ашық кілттің қолданылу мерзімі, онымен байланысты жабық кілттің қолданылу мерзімі немесе алгоритмдер тетігінде қолданылған идентификатор сияқты ашық кілт туралы мазмұндалған кілт жайында жалпыға жарияланатын ақпаратқа енгізілген басқа да мәліметтерді қамтуы мүмкін. Сенімді үшінші тараппен қол қойылған кілт туралы жалпыға жарияланатын ақпаратты қамтиды.

Сертификатты тексеру сенімді үшінші тараптың қолтаңбасын растауды және егер сертификаттың қолданылуымен, мысалы, оны жоюмен немесе қолдану мерзімімен байланысты басқа шарттарды тексеруді қарастырады.

Сертификаттар ашық кілттердің түпнұсқалығына кепілдік беретін дара амал болып табылады. Мәннің басқа құралдарды қолдану кезінде басқа мәндердің жалпыға мүмкін кілттерін алуына мүмкіндік болу үшін *ҚР СТ ИСО/МЭК 9798* стандартының келесі бөлімдерінде мазмұндалған барлық тетіктерде сертификаттарды қолдану міндетті емес. Ашық кілттердің түпнұсқалығына кепілдік беретін басқа әдістер ИСО/МЭК 14888-2 стандартында анықталған сұлбаларға ұқсас қолтаңбалардың түпнұсқалығын тексеруге негізделген сұлбаларды қолданады.

Қосымша
(анықтамалық)

Библиография

[1] ИСО/МЭК 11770-3-1999 *Ақпараттық технология. Қорғау әдістері. Кілттерді басқару. 3 бөлім. Асимметриялық әдістерді қолданатын тетіктер*
[2] ИСО/МЭК *Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен құралдары. Бас тартпаушылық*

ӘОЖ 681.324:006.354 **МСЖ 35.040**

Түйінді сөздер: деректерді өңдеу, ақпараттық алмасу, ақпараттарды қорғау, қорғау әдістері және құралдары, сәйкестендіру, мәліметтерді сәйкестендіруші кодтары, модельдер.

Ескертулер үшін

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Информационная технология

МЕТОДЫ И СРЕДСТВА ОБЕСПЕЧЕНИЯ БЕЗОПАСНОСТИ

Механизмы аутентификации
Часть 1
Общие положения

СТ РК ИСО/МЭК 9798-1-2008
(ИСО/МЭК 9798-1:1997
«Информационная технология. Методы и средства обеспечения безопасности. Механизмы аутентификации
Часть 1
Общие положения, IDT)

Издание официальное

Комитет по техническому регулированию и метрологии
Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан
(Госстандарт)

Астана

Предисловие

1 ПОДГОТОВЛЕН ЗАО «Инфосистемы Джет».

ВНЕСЕН Агентством Республики Казахстан по информатизации и связи.

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ приказом Комитета по техническому регулированию и метрологии Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан № 107-од от 25.02.2008.

3 Настоящий стандарт идентичен международному стандарту ИСО/МЭК 9798-1:1997 «Информационная технология. Методы и средства обеспечения безопасности. Механизмы аутентификации. Часть 1. Общие положения» («Information technology. Security techniques. Entity authentication. Part 1. General»), IDT, с дополнительными требованиями, отражающими потребности экономики Республики Казахстан, которые выделены курсивом.

4 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ 2013 год
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ 5 лет

5 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ

Содержание

Введение

СТ РК ИСО/МЭК 9798-2008 под общим названием *"Информационные технологии. Методы и средства обеспечения безопасности. Механизмы аутентификации"* состоит из следующих частей:

– *Часть 1. Общие положения.*

– *Часть 2. Механизмы с применением алгоритмов симметричного шифрования.*

– *Часть 3. Механизмы с применением методов цифровой подписи.*

Международный стандарт ИСО/МЭК 9798-2008 кроме названных частей включает следующие:

– *Часть 4. Механизмы, использующие криптографическую проверочную функцию.*

– *Часть 5. Механизмы с использованием асимметричных методов с нулевым знанием.*

В международный стандарт могут войти и другие части по мере их создания.

Приложения настоящего стандарта справочные.

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Информационная технология
МЕТОДЫ И СРЕДСТВА ОБЕСПЕЧЕНИЯ БЕЗОПАСНОСТИ
МЕХАНИЗМЫ АУТЕНТИФИКАЦИИ
Часть 1
Общие положения

Дата введения 2008.07.01

1 Область применения

Настоящий стандарт устанавливает модель аутентификации и общие требования и ограничения к механизмам безопасности, используемым для аутентификации сущностей. Эти механизмы используются для подтверждения того, что сущность является именно той, за которую себя выдает. Сущность, подлежащая аутентификации, доказывает свою подлинность, демонстрируя знание какой-либо секретной информации. Механизмы определяются как процессы обмена информацией между сущностями, а также, при необходимости, как процессы обмена информацией с доверенной третьей стороной.

Подробно механизмы безопасности, включая содержимое аутентификационной информации, рассмотрены в последующих частях настоящего стандарта.

